

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТІЗІМГЕ АЛУ

Салтанат ӘШІМОВА *

Түйіндеме: 1970-ші жылдары Боливия Республикасының бастамасымен Материалдық емес мәдени мұраларды (бұдан әрі - МЕММ) және тиісті халықаралық құқықтық актіні қорғау қажеттілігі туралы пікірталастар басталды. 1989 жылы ЮНЕСКО халықаралық ұйымы фольклорды сақтау туралы ұсынысты қабылдады. 1990-шы жылдардың соңына қарай жана нормативтік актіні әзірлеу идеясы ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттер, әсіресе Шығыс Азия, Африка және Латын Америкасы елдері арасында қолдауға ие болды. ЮНЕСКО 1993 жылы «Адамзаттың тірі қазыналары» бағдарламасын, ал 1998 жылдан бастап «Адамзаттың ауызша және материалдық емес мұрасының шедеврлерін жариялау» жобасын іске асыруды жолға қойды.

Бұл мақалада Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын қорғау және тізімге алу үдерістері мен Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау туралы Конвенция жайында айтылады.

Кілт Сөздер: Мұра, Құндылықтар, Ұлттық Тізім, Репрезентативті Тізім, ЮНЕСКО, Қазақстан

Intangible Cultural Heritage of Kazakhstan: Protection and Registration of Values

Abstract: In the 1970s, at the initiative of the Republic of Bolivia, debates about the need to protect Intangible Cultural Heritage (hereinafter - ICH) and the relevant international legal act began. In 1989, the UNESCO international organization adopted a proposal for the preservation of folklore. By the end of the 1990s, the idea of developing a new regulatory act gained support among UNESCO member states, especially in East Asia, Africa, and Latin America. In 1993, UNESCO launched the "Living Treasures of Humanity" program, and since 1998, the "Publication of Masterpieces of the Oral and Intangible Heritage of Humanity" project.

This article talks about the processes of protection and listing of the intangible cultural heritage of Kazakhstan and the Convention on the Protection of Intangible Cultural Heritage.

Key Words: *Heritage, Values, National List, Representative List, UNESCO, Kazakhstan*

Кіріспе

2001 жылы ЮНЕСКО Хатшылығы басқарушы органдарынан «Халықаралық конвенцияның алдын ала нұсқасы» мәтіні бойынша консенсусқа қол жеткізу мақсатында Үкіметаралық кездесуді ұйымдастыруға өкім шығарды. Осы жылдары бейзаттық мұраға, яғни әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін, құндылықтарын айқындайтын материалдық емес (рухани) мәдени мұраға (intangible cultural heritage) да көңіл аудару керектігін күн тәртібіне қоя бастады. Бұл мақсатты іске асыру үшін 2001 жылы ЮНЕСКО өзіне мүше мемлекеттер мен қоғамдық ұйымдар арасында сауалнама жүргізген. Нәтижесінде 2003 жылы 29 қыркүйек - 17 қазан аралығында Парижде БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО) Бас конференциясының 32-сессиясында «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция» қабылданды.

Конвенцияның мақсаты мыналар:

- материалдық емес мәдени мұраны сақтау;
- тиісті қоғамдастықтардың, топтардың және жекелеген адамдардың материалдық емес мәдени мұрасын құрметтеу;
- материалдық емес мәдени мұраның және оны өзара танудың маңыздылығына жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейлерде назар аудару.

Конвенцияда материалдық емес мәдени мұра қандай салаларда көрініс табатыны нақты көрсетілген:

- (a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары;
- (b) орындаушылық өнерлер;
- (c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар;
- (d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар;

* Doktorant, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, salta-03.04@mail.ru

(е) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар.

Конвенцияның мақсаттары үшін адам құқықтары жөніндегі қазіргі халықаралық құжаттарға, сондай-ақ қоғамдастықтар, топтар мен жекелеген адамдар арасындағы өзара құрмет пен орнықты даму талаптарына сәйкес келетін материалдық емес мәдени мұра ғана назарға алынады. Даулы деп саналатын элементтер пікірталастар тудырса да түрлі қоғамдастықтар үшін материалдық емес мұраның құндылығы мен маңызы туралы, сондай-ақ тарихи және әлеуметтік шындыққа үнемі бейімделетін оның дамып келе жатқан және динамикалық сипаты туралы ойлауға ықпал етуі мүмкін.

Конвенцияның негізгі құралдарының бірі *Репрезентативті тізім* болып табылады. Тізім қауымдастықтар мен топтардағы адамзаттың МЕММ-ның барлық салаларындағы алуан түрлілігін көрсетуге арналған. ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне енген элементтер әлемдік мұра ретінде танылады. Оны әлем тарапынан да, ұсынған мемлекет тарапынан да сақтау жолдары қарастырылып, мұрагерлерді насихаттау міндеттеледі. Егер жоғалу қаупі туындаса, арнайы грант бөлініп, қайта жаңғырту ісі жолға қойылды.

Репрезентативті тізімге элементті енгізу үшін бірқатар талаптарды орындау керек. Ең алдымен ұсынылған элементті ұстаушы мұрагерлердің бейне және жазбаша рұқсаты қажет. Кейін элемент жайында ағылшын және француз тілінде таныстыру ролигі түсіріледі. Ең соңында арнайы анкета толтырылып, өкілетті органдан ЮНЕСКО Бас штабына ұсыныс хат жіберіледі. Жыл сайын (кейде жылына екі рет) ұйым мүшелері жиналыс ашып, барлық ұсыныстарды қарастырады (Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау туралы Конвенция/ЮНЕСКО, 17 қазан 2003 жыл, https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml).

1. Конвенцияны Ратификациялаған Мемлекеттердің Міндеттері Қандай?

Ұлттық деңгейде қатысушы мемлекеттер: мүдделі қоғамдастықтардың қатысуымен материалдық емес мәдени мұраны анықтап, түгендеуі; саясатты қабылдауы және оны басқару мен ілгерілету үшін институттар құруы; зерттеулерді ынталандыруы; және мүдделі қоғамдастықтардың келісімімен және қатысуымен қорғау жөнінде басқа да тиісті шараларды қабылдауы қажет.

Конвенция бекітілгеннен кейін алты жыл өткен соң және әрбір алты жыл сайын әрбір қатысушы мемлекет Комитетке Конвенцияны ұлттық деңгейде жүзеге асыру үшін өзі қабылдаған шаралар туралы баяндама ұсынуға тиіс, онда олар өздерінің аумағындағы және репрезентативтік тізімге енгізілген барлық элементтердің ағымдағы жай-күйі туралы хабарлауға тиіс.

Конвенцияға қатысушы мемлекеттер ғана номинациялар туралы құжаттарды тапсыра алады, сондай-ақ номинациялар мен қорғау шараларын әзірлеуге мүдделі қоғамдастықтарды барынша кеңінен тартуға міндетті. Олар кез-келген өтініш беруге еркін, алдын-ала және саналы түрде келісім алуы керек. Бір элементті бірнеше мемлекеттер ұсынуы мүмкін, өйткені материалдық емес мәдени мұраның бірдей элементі көбінесе бірнеше территорияларда болады және оны бірнеше елдерде құрылған немесе араласпаған қауымдастық пайдаланады.

Мәліметтер бойынша ЮНЕСКО-ға мүше 195 мемлекеттің 178-і осы Конвенцияны ратификациялады. (Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы, <https://ru.unesco.org/themes/vsemirnoe-nasledie> Қаралған уақыты: 15.06.2022).

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 514-IV Заңымен ратификацияланған 2003 жылғы 17 қазандағы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» Халықаралық Конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы қазақтың материалдық емес мәдени құндылықтарын қорғау, танымал ету, дамыту,

насихаттау жөніндегі қызметтің тиімділігі үшін негіз болады (Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 514-IV Заңы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000514> Қаралған күні: 15.06.2022).

Конвенцияның мақсаттары бойынша адам құқықтары жөніндегі қолданыстағы халықаралық-құқықтық актілермен және қоғамдастықтар, топтар мен жекелеген адамдар арасындағы өзара құрмет, сондай-ақ орнықты даму талаптарымен сәйкес келетін материалдық емес мәдени мұра ғана назарға алынады (Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау туралы Конвенция/ ЮНЕСКО, 17 қазан 2003 жыл, https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml) Қаралған күні: 15.06.2022).

Қазақстан Халықаралық ұйыммен ынтымақтастық аясында материалдық емес мәдени мұраларды қорғау саласында біршама жұмыстар атқарылды. Адамзаттың репрезентативтік тізіміне алғашқы қазақстандық ұсынымдар әзірленіп ұсынылып, 2014 жылы қолдау тапты.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Конвенцияны ратификациялаған мемлекеттер ішінен 140 мемлекеттен, барлығы 677 элемент МЕММ ретінде ЮНЕСКО қорғауға алынған, соның ішінде шұғыл түрде қорғауды талап ететін элемент тізіміне – 76; репрезентативті тізіміне – 568; практикалық қорғау тәжірибесін қажет ететін элемент тізіміне – 33 ескерткіш бекіген. Ал, осы 677 элементтің жылдар бойынша бекітуіне сандық көрсеткіш шығарудың нәтижесі келесідей: 2008 жыл – 90; 2009 жыл – 85; 2010 жыл – 47; 2011 жыл – 33; 2012 жыл – 32; 2013 жыл – 30; 2014 – 38; 2015 жыл – 28; 2016 жыл – 41; 2017 жыл – 42; 2018 жыл – 39; 2019 жыл – 42; 2020 жыл – 35; 2021 жыл – 47; 2022 жыл – 48.

Мемлекеттер бойынша МЕММ ескерткіштерінің ЮНЕСКО-ға енуінің 2022 жылдың қорытындысы бойынша сандық көрсеткіші келесідей: Ауғанстан – 3; Албания – 2; Алжир – 10; Андорра – 2; Аргентина – 3; Армения – 7; Австрия -10; Әзірбайжан - 19; Бахрейн – 4; Бангладеш – 4; Беларуссия – 5; Бельгия -16; Белиз -1; Бенин- 1; Бутан -1; Боливия (көп ұлтты мемлекет) - ; Босния және Герцеговина -3 ; Бразилия-Бурсона - 9; Бурунди -1; Кабо-Верде – 1; Камбоджа – 6; – Орталық Африка Республикасы-1; Чили -3; Қытай – 43; Колумбия – 13; Конго – 1; Коста-Рика - 1; Кот-д’Ивуар -3; Хорватия – 21; Куба -5; Кипр - 6; Чехия – 9; Корея Халық Демократиялық Республикасы – 4; Конго Демократиялық Республикасы – 2; Доминикан Республикасы – 4; Эквадор – 4; Египет – 8; Эстония – 5; Эфиопия – 4; Финляндия – 3; Франция – 26; Гамбия -1; Грузия – 4; Германия – 7; Греция -10; Гватемала – 4; Гвинея -1; Гаити -1; Гондурас -1; Венгрия – 8; Исландия -1; Үндістан – 14; Индонезия – 12; Иран-Ислам Республикасы -2; Ирландия – 4; Италия -17; Ямайка – 2; Жапония – 22; Иордания – 6; **Қазақстан -13**; Кения -5; Кувейт – 5; Қырғызстан – 13; Лаос Халықтық Демократиялық Республикасы -1; Латвия – 3; Ливан -2; Литва -3; Люксембург -2; Мадагаскар – 2; Малави -6; Малайзия – 6; Мали – 9; Мальта -2; Мавритания – 5; Маврикий – 4; Мексика -11; Микронезия (Федеративті штаттар) - 1; Моңғолия -15; Черногория -1; Марокко -13; Мозамбик – 2; Намибия -2; Нидерланды -3; Пәкістан –3; Никарагуа – 2; Нормандия – 23; Никарагуа – 23; Палестина – 5; Панама – 3; Парагвай -1; Перу – 13; Филиппин -5; Польша -5; Португалия -10; Катар – 4; – Корея Республикасы - 22; Молдова Республикасы – 4; Румыния – 9; Ресей Федерациясы - 2; Самоа -1; Сауд Арабиясы -12; Сенегал -3; Сербия -5; Сейшель аралдары -1; Сингапур -1; Словакия – 6; Словения -2; Судан -3; Швеция -2; Швейцария – 8; Сирия Араб Республикасы – 5; Тәжікстан -7; Таиланд -3; Тимор-Лесте-1; Того – 1; Тонга-1; Тунис – 7; Түркия – 25; Түркіменстан – 8; Уганда – 6; Украина – 5; Біріккен Араб Әмірліктері – 15; Уругвай – 2; Өзбекстан – 12; Венесуэла Республикасы (Вануату) - 8; Вьетнам -15; Йемен - 4; Замбия – 5; Зимбабве - 2.

ЮНЕСКО-ның МЕММ конвенциясын ратификациялаған елдерді географиялық тұрғыда Африка, Араб елдері, Азия және Тынық мұхиты; Европа және Америка, Латын Америкасы және Кариб теңізі елдері деп топтастырған (Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices/ https://ich.unesco.org/en/lists; Map_of_UNESCO_Intangible_cultural_heritage).

Бүгінде Қазақстанның ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссияның жанында құрылған МЕММ қорғау жөніндегі Ұлттық комитет мамандарының жұмыс жасауымен Қазақстан тарапынан 2014 жылы - 2, 2015 жылы – 1; 2016 жылы - 3; 2017 жылы – 1; 2018 жылы – 2; 2020 жылы – 1; 2021 жылы – 1; 2022 жылы – 2, яғни қазіргі таңда барлығы 13 мұрасы ЮНЕСКО ұйымының «Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне» енгізілген (Кесте 1).

Кесте 1: Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларының ЮНЕСКО-ға енуі

№	Қазақстан МЕММ элементінің ЮНЕСКО тізіміндегі атауы	Енген санаты	Енген уақыты	Ұсынылған, бекітілген мемлекеттер	ЮНЕСКО МЕММ қорғау Үкіметаралық комитет сессиялары және өткен орны
1	Traditional knowledge and skills in making Kyrgyz and Kazakh yurts (Turkic nomadic dwellings) Қырғыз және қазақ киіз үйлерін жасаудағы дәстүрлі білім мен дағдылар (көшпелі түркілер баспаналары)	(e) дәстүрлі кәсіпке қатысты білімдер мен дағдылар	2014 жыл	Қырғызстан Қазақстан	2014 жыл 27 қараша. Франция, Париж. 9-сессия
2	Kazakh traditional art of Dombra Kuy Қазақтың дәстүрлі домбырамен күй тарту өнері	(b) орындаушылық өнер	2014 жыл	Қазақстан	2014 жыл 27 қараша Франция, Париж. 9-сессия
3	Aitysh/Aitys, art of improvisation Айтыш/Айтыс, импровизация өнері	(b) орындаушылық өнер	2015 жыл	Қырғызстан, Қазақстан	2015 жыл 2 желтоқсан. Намибия, Виндхук. 10-сессия
4	Flatbread making and sharing culture: Lavash, Katyrma, Jupka, Yufka Нан пісіру және алмасу мәдениеті: Лаваш, Қатырма, Юпка, Юфка	(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар	2016 жыл	Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия	2016 жыл 30 қыркүйек Эфиопия, Аддис-Абеба. 11-сессия
5	Nawrouz, Novruz, Nowrouz, Nowrouz, Nawrouz, Nauryz, Nooruz, Nowruz, Navruz, Nevruz, Nowruz, Navruz Наурыз	(c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар	2016 жыл	Ауғанстан, Әзербайжан, Индия, Иран, Ирак, Қырғызстан, Өзбекстан, Пакистан, Тәжікстан, Түркіменстан, Түркия.	2016 жыл 30 қараша Эфиопия, Аддис-Абеба. 11-сессия
6	Kuresi in Kazakhstan Қазақша күрес/қазақ күресі	(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар	2016 жыл	Қазақстан	2016 жыл 2 желтоқсан Эфиопия, Аддис-Абеба. 11-сессия
7	Kazakh traditional Assyk games	(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-	2017 жыл	Қазақстан	4-9 желтоқсан 2017 жыл. Корея Республикасы, Чеджу

	Қазақтың дәстүрлі асық ойындары	ғұрыптар			аралы 12-сессия
8	Heritage of Dede Qorqud/Korkyt Ata/Dede Korkut, epic culture, folk tales and music Деде Қорқұд мұрасы/Қорқыт Ата/Деде Коркут, эпикалық мәдениет, халық фольклоры мен музыкасы	(a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдығышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары	2018 жыл	Әзірбайжан, Қазақстан, Түркия	2018 жыл 26 қараша -1 желтоқсан. Маврикий Республикасы Порт-Луи 13-сессия
9	Traditional spring festive rites of the Kazakh horse breeders Қазақ жылқышыларының көктемгі мерекелік салт-дәстүрлері	(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар	2018 жыл	Қазақстан	2018 жыл 26 қараша-1 желтоқсан. Маврикий Республикасы, Порт-Луи. 13-сессия
10	Traditional intelligence and strategy game: Toguzqumalaq, Toguz Korgool, Mangala/Göçürme Дәстүрлі интеллектуалды және стратегиялық ойыны: Тоғызқұмалақ, Тоғыз Коргоол, Мангала/Гөчүрме	(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар	2020 жыл	Қазақстан, Қырғызстан, Түркия	2020 жыл 2 желтоқсан Франция, Париж 15-сессия (онлайн)
11	Falconry, a living human heritage Сұңқармен аң аулау, адамзаттың тірі мұрасы	(e) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер мен дағыдылар	2021 жыл	Біріккен Араб Әмірліктері, Австрия, Белгия, Чехия, Польша, Ирландия, Нидерланды, Хорватия, Словакия, Франция, Германия, Венгрия, Италия, Қазақстан, Корей Республикасы, Моңғолия, Қырғызстан, Марокко, Пәкістан, Португалия, Катар, Сауд Арабиясы, Испания, Сирия	13 - 18 желтоқсан 2021 жыл Шри – Ланка 16-сессия (онлайн)
1 2	Orteke, traditional performing art in Kazakhstan: dance, puppet and music Ортеке, Қазақстандағы дәстүрлі орындаушылық өнер: би, қуыршақ және	(b) орындаушылық өнер	2022 жыл	Қазақстан	28 қараша - 3 желтоқсан 2022 жыл. Марокко, Рабат. 17-сессия

	музыка				
1 3	Telling tradition of Nasreddin Hodja/ Molla Nesreddin/ Molla Ependi/ Apendi/ Afendi Kozhanasyr Anecdotes Насреддин Ходжаның мұраларын айту/ Молла Несреддин/ Молла Епенди/ Әпенди/ Әфенди Қожанасыр анекдоттары	(а)материалдық емес мәдени мұраның тасымалдығышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары	2022 жыл	Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан.	28 қараша - 3 желтоқсан 2022 жыл. Марокко, Рабат 17-сессия

Кестеден көріп отырғанымыздай, ЮНЕСКО-ға енген элемент екі немесе бірнеше мемлекетке ортақ мұра болған жағдайда, сол мемлекеттердегі халықтық атауы, мемлекеттере бекіту ретімен беріледі. Мысалы, «Traditional intelligence and strategy game: Toguzqumalaq, Toguz Korgool, Mangala/Göçürme» немесе «Дәстүрлі интеллектуалды және стратегиялық ойыны: Тоғызқұмалақ, Тоғыз Коргоол, Мангала/Гөчүрме» элементіндегі Toguzqumalaq/ Тоғызқұмалақ – Қазақстан; Toguz Korgool/ Тоғыз Коргоол – Қырғызстан, Mangala/Göçürme – Түркия тарапынан ұсынылған атау.

Қазақстан тарапынан ЮНЕСКО мақұлдаған «Адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының репрезентативті тізіміне» енген мұралардың кейбірінің атаулары түзетуді талап етеді. Мысалы, 2016 жылы «Қазақша күрес» немесе «қазақ күресі» ұлттық ойынының атауы ЮНЕСКО тізіміне «Kuresi in Kazakhstan» деген атаумен енген. ЮНЕСКО-ғы енген атауы тікелей аударғанда «Қазақстандағы күрес» деген мағына береді. Осы 2016 жылы ЮНЕСКО-ға «Flatbread making and sharing culture: Lavash, Katyrma, Jupka, Yufka» / «Нан пісіру және алмасу мәдениеті: Лаваш, Қатырма, Юпка, Юфка» деген атаумен Қазақстан тарапынан «Қатырма» нан пісіру мәдениеті бекіген. Алайда, «қатырма нан» қазақ жерінің оңтүстігіндегі жергілікті жерде қолданылатын, аймақтық ерекшелікті білдіретін атау. Ал, лаваш, юпка, юфка нан түрлерінің атаулары Әзербайжан, Иран, Қырғызстан, Түркия мемлекеттері тарапынан ұсынылған. Ал, 2022 жылы ЮНЕСКО бекіткен «Telling tradition of Nasreddin Hodja/ Molla Nesreddin/ Molla Ependi/ Apendi/ Afendi Kozhanasyr Anecdotes» немесе «Насреддин Ходжаның мұраларын айту/ Молла Несреддин/ Молла Епенди/ Әпенди/ Әфенди Қожанасыр анекдоттары» элементте Қазақстан тарапынан ұсынылған атау «Қожанасыр қалжыңдары» болуы керек еді.

Қазақ халқының бай мәдени мұрасы оның көп ғасырлық көшпелі өмір салтымен байланысты тарихи өткеніне негізделген. Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасы елдің рухани-мәдени өмірінде маңызды орын алады және оның рухани дамуының іргелі факторларының бірі болып табылады.

Рухани құндылықтары бар бейбіт қоғам құруға ықпал ететін негізгі материалды емес мәдени мұра – халықтың ұлттық мәдениетінің маңызды бөлігі, халықтың салт-дәстүрі мен оның орындалу шараларын, білімін, этностардың ұрпақтан-ұрпаққа тарататын жолы. Материалдық емес мәдени мұра – халықтардың, этностардың жеке басын анықтайтын, шығармашылық пен әлеуметтік әл-ауқаттың дамуына ықпал ететін мұра.

Ұрпақтан ұрпаққа берілетін осындай материалдық емес мәдени мұра қауымдастықтармен және топтармен оларды қоршаған ортаға, олардың табиғатпен өзара іс-қимылына және тарихына байланысты тұрақты түрде қайта жасалады және адам шығармашылығы мен мәдени әртүрлілікті құрметтеуге ықпал ете отырып, оларда төлтума ерекшелік пен ұрпақтар сабақтастығы сезімін қалыптастырады.

Ұлттық тізбе – Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасының мәдени құндылықтарының тізбесі. Ұлттық тізбе материалдық емес мәдени мұраның

өміршендігін, оны құжаттандыру, зерттеу, сақтау, қорғау және насихаттауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы материалдық емес мәдени мұра элементтерінің тізбесі – Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұралары туралы деректер банкін қамтитын ақпараттық жүйе (Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі № 408 қаулысымен мақұлданған, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> Қаралған күні: 28.10.2022).

Материалдық емес мәдени мұра элементтері – қоғамдастықтар мен топтар, және кейбір жағдайларда жеке адамдар өздерінің мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде санайтын, тарихи және мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұра элементтері тізбесіне енген әдет-ғұрыптар, орындау және айту нысандары, білім мен дағдылар, сондай-ақ солармен байланысты құралдар мен заттар, артефактілер мен мәдени кеңістіктер болып табылады.

Ұлттық деңгейде мемлекеттер өздерінің тізбесіне қажет деп санайтын МЕММ-ді енгізе алады және ЮНЕСКО оларды таңдауға араласпайды.

Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының объектісі (бұдан әрі – материалдық емес мәдени мұра) – бұл жеке авторсыз, мәдени мұра ретінде танылған, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, қауымдастықтар мен топтар үнемі қайта жасап отыратын, қазақ халқының мәдени әртүрлілігін айғақтайтын, тарихи-мәдени маңызы бар және материалдық емес мәдени мұралардың ұлттық тізіміне енгізілген әдет-ғұрыптар, салттар, білім мен дағдылар, түсініктер мен пайымдардың нысандары, сондай-ақ олармен байланысты құралдар, заттар, артефактілер және мәдени кеңістіктер болып табылатын Қазақстан Республикасының мұрасы. Ал, оны сақтаушылар - Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраларын жасауда, сақтауда және қайта жаңғыртуда маңызды рөл атқаратын, мәдени әртүрлілікті байытатын және адамдардың шығармашылық қабілетін дамытатын жергілікті және этникалық қоғамдастықтар, топтар және кейбір жағдайда жекелеген адамдар.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жүргізетін МЕММ ұлттық тізімінде 50-ден астам элементтер бар және үнемі жаңартылып отырады. 2012 жылы ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы жанынан МЕММ қорғау жөніндегі ұлттық комитет құрылды. Содан бері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен МЕММ тұжырымдамасы аясында жұмыс істейді. Комитеттің бірінші төрағасы Мұрат Әуезов болды. Қазір комитетке академик Мырзатай Жолдасбеков жетекшілік етеді. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясының ережесіне сәйкес оның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тізбеге кіретін материалдық емес мәдени мұра элементтерін сақтауды және дамытуды қамтамасыз етеді және оларды құжаттамалық қамтамасыз етуді жүргізеді; материалдық емес мәдени мұра элементтерінің жағдайын бақылауды (мониторингті) жүзеге асырады; материалдық емес мәдени мұраларды қорғау және дамыту саласында кадрларды даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға ықпал етеді; Конвенцияны жүзеге асыру жөнінде ЮНЕСКО-ға есеп дайындап ұсынады.

Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы Қазақстан атынан ЮНЕСКО тізімдеріне жолданатын өтініштердің дайындалу және ұсынылу процесін үйлестіреді, Конвенцияның ұлттық және өңірлік деңгейде іске асуына халықаралық және ұлттық сарапшыларды қатыстыруға

жәрдемдеседі; Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитетінің қызметін үйлестіреді.

Қазақстанның материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитетінің негізгі функцияларына Конвенцияның мақсаттарына жетуге ықпал ету, Тұжырымдаманы дайындау мен іске асыруға қатысу, материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөнінде шаралар қабылдау үшін ұсынымдар әзірлеу, осы саладағы озық халықаралық тәжірибеге қатысты консультациялар беру, ЮНЕСКО тізімдеріне және материалдық мәдени емес мәдени мұраның ұлттық тізбесіне материалдық емес мәдени мұра элементтерін қосуға өтінім берген бастамашыл топтар мен қоғамдастықтардың өтініштерін қарау жатады. Өз қызметі аясында Ұлттық комитет материалдық емес мәдени мұраны қорғауға осындай мұраны жасаумен, сақтаумен және жеткізумен айналысатын қоғамдастықтардың, топтардың және кейбір жағдайларда жеке адамдардың кеңінен қатысуын қамтамасыз етеді.

2021 жылдың 15 наурызында Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитеті материалдық емес мәдени мұра туралы ақпарат алмасу және тарату үшін құрылған Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерінің *ichLinks.com* жобасының яғни халықаралық цифрлық платформасының серіктес ұйымы болды.

Ichlinks.com платформасы МЕММ-нің мыңнан астам элементтері туралы ақпаратты кітаптарды, бейне және аудио материалдарды қамтиды және оны сақтау саласындағы ірі ғылыми мекемелер шығарған сараптамалық ақпаратты қосымша зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық платформада алдағы және өткен конференциялар, семинарлар мен іс-шаралар туралы жаңартылған ақпарат жарияланады.

Осы МЕММ элементтерінің Ұлттық тізбесін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) материалдық емес мәдени мұра элементтерінің Ұлттық тізбесін (бұдан әрі – Ұлттық тізбе) жүргізу тәртібін анықтайды. Ұлттық тізбені жасау келесідей талап бойынша жүзеге асырылды:

Ұлттық тізбе материалдық емес мәдени мұраның өміршеңдігін, оны құжаттандыру, зерттеу, сақтау, қорғау және насихаттауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі;

Мәдениет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) Ұлттық тізбені қазақ және орыс тілдерінде, қағаз және электронды нұсқада, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес үлгі бойынша жүргізеді;

Ұлттық тізбе уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады;

Мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар элементтің анықталуына қарай қажетті мәліметтері бар хатты (бұдан әрі – хат) уәкілетті органға жолдайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық тізбесі халқымыздың материалдық емес мәдени мұрасының объектілерін қорғау, зерттеу және танымал ету шараларын қабылдау мақсатында бүкіл ел бойынша есепке алу мақсатында жасалады. Элементтер туралы мәліметтер мыналарды қамтиды:

- 1) элементтің толық атауы;
- 2) осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген элементтің түрі;
- 3) элементтің сипаттамасы (қандай да бір этносқа тиесілігі, сондай-ақ жанры, пайда болу тарихы, МЕММ-ны сақтаушылар және тағы басқа сипаттайтын мәліметтер);
- 4) элементтің таралған жері (облыс, қала, аудан, ауыл);
- 5) фотосуреттер, элементті көрсету немесе тыңдау қажет болған жағдайда, видео немесе аудиоматериалдар;

- 6) элементтің сақталу деңгейі;
 7) элемент туралы деректер (ғылыми материалдар, сайт және өзге деректер)
 (Кесте 2).

Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының Ұлттық тізімі 2013 жылы жасалынып, сол кездегі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрі М. Құл-Мұхаммед бекіткен (Бұйрық №50, 01.03.2013). Тізім толықтырылып отырады.

Кесте 2: ҚР МЕММ Ұлттық тізімін алғашқы нұсқа бойынша жіктеу (2013 жылы бекітілген тізім)

№	Материалдық емес мәдени мұра (МЕММ) элементінің атауы, категориясы/санаты
	(а) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары
1	Айтыс
2	Батырлар жыры: - Алпамыс батыр - Қобыланды батыр - Ер тарғын - Ер Едіге - Қамбар батыр - Қарабек батыр - Көкше батыр - Көкшенің ұлы Ер Қосай - Айсаның ұлы Ахмет батыр - Алау батыр - Тама батыр - Қарасай-Қазі - Ер Жәнібек - Еңсегей бойлы ер Есім - Айдос батыр - Жетіген батыр - Сабалақ Абылай хан - Олжаш батыр - Қабылан батыр - Мырза Сәтбек батыр - Орақты батыр - Бөгенбай батыр - Қисса ер Қабанбай - Ер Жасыбай - Жидебай батыр - Олжабай батыр - Өтеген батыр - Райымбек батыр - Жәнібек батыр - Мырқы батыр - Барақ батыр - Көкжарлы Барақ батыр - Базар батыр - Бердіқожа батыр - Жантай батыр - Сырым батыр - Ер Әжібай - Арқалық батыр - Ер Кенесары - Ағыбай бытар - Есенкелді батыр - Иман батыр - Жанқожа батыр - Саурық батыр - Сұраншы батыр

	- Байсейіт батыр - Мырзаш батыр - Шаян батыр - Қожеке батыр - Бекет батыр
3	«Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры
4	«Қорқыт Ата кітабы»
5	«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпостық жыры
6	Терме
7	Қара өлең
8	Бақсы сарыны
9	Шешендік сөздер
10	Қожанасырдың әзіл әнгімелері
11	Көрұғлы эпосы
	(b) орындаушылық өнерлер
12	Қазақтың дәстүрлі домбыра күй өнері
13	Қобызда орындау өнері
14	Қазақтың дәстүрлі ән өнері
15	Жетігенде орындау өнері
16	Сыбызғыда орындау өнері
17	Шаңқобызда орындау өнері
18	Ортеке
19	Қара жорға биі
20	Көмейге салып жыр айту
	(c) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар
21	Наурыз
22	Шілдехана: бесік тойы; қырқынан шығару; тұсау кесу; ашамайға мінгізу
23	Беташар: қоштасу; сыңсу; беташар; тойбастар; жар-жар.
24	Жоқтау: естірту; көңіл айту; көрісу; жоқтау; арыздасу
25	Дәстүрлі балалар және жасөспірімдер ойындары («Бестас» «Тымпи», «Соқыр теке», «Ақсүйек», «Алтыбақан», «Ақ терек пен көк терек» т.б.)
	(d) табиғат пен дүниеге қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар
26	Құсбегілік (бүркіт, сұңқар т.б.)
27	Көкпар
28	Қазақ күресі
29	Қымызды дайындау дәстүрі
30	Тоғызқұмалақ
31	Шұбатты дайындау дәстүрі
32	Асық ойыны
33	Қазақ ұлттық тағамдары
34	Сайыс: аударыспақ; қыз қуу; теңге алу; жамбы ату; жорға жарыс.
35	Қазақтың жылнамасы
	(e) дәстүрлі кәсіптермен байланысты білімдер және дағдылар
36	Киіз үй мен оның бұйымдарын жасау дәстүрі
37	Қазақтың зергерлік өнері
38	Киіз басу
39	Бесікті жасау және пайдалану дәстүрі
40	Қазақтың дәстүрлі кілем тоқу өнері
41	Кесте тоқу өнері
42	Текемет жасау дәстүрі
43	Тері өңдеу дәстүрі
44	Ер-тұрман жасау
45	Қазақтың ұлттық киімдері: сәукеле; кимешек; тақия; шапан т.б.

2013 жылы 45 атаумен бекітілген Ұлттық тізімнің әрине кемшілік тұстарының болғаны, қазіргі таңда Ұлттық тізімді қайта жасауға қайта толықтыруды күн тәртібіне қойып отыр. Мысалы, Ұлттық тізімде «(b) орындаушылық өнерлер» санатына

бекітілген «көмейге салып жыр айту», Ұлттық тізімге «көмей» деп енген, дұрысы «(а) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары» санатына енуі керек еді. Себебі, «көмейге салу» орындаушылық өнердің бір әдісі болғанымен, мұнда жыр, дастан, толғау, терме, бәйіт, өсиетнамалар айтылады. Көмейге салып жыр айту, Сыр өңірінің «жыраулық мектебі» ретінде танылған өнер екені баршамызға мәлім.

Ұлттық тізімде «(с) әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, мейрамдар» санаты бойынша «бесік тойы; қыркынан шығару; тұсау кесу; ашамайға мінгізу» салттарын «шілдехана» категориясына топтастырып, бір атаумен енгізген. Бұл салт-жоралардың барлығы баланың баланың өсу кезеңдерімен байланысты болғанымен, «шілдехана» баланың шыр етіп дүниеге келуімен байланысты жоралғы. Осы санатқа «қоштасу; сыңсу; беташар; тойбастар; жар-жар» деп үйлену дәстүріндегі тұрмыс-салт жырларын «беташар» деп ішкі топтастыруға жіктеген. Алайда, қоштасу, сыңсу, жар-жар айту, «қыз ұзату тойында», яғни беташар рәсімі атқырылатын «келін түсіру» тойында орындалады. Осы «үйленумен байланысты тұрмыс-салт жырларын» ішкі топтастыруды жаңадан қабылданатын Ұлттық тізімде атауын қайта қарастыру кезек күттірмейтін мәселе. Сондай-ақ, «естірту; көңіл айту; көрісу; жоқтау; арыздасу» фольклоры ішкі топтастыруда «жоқтау» деп аталған. Жаңа Ұлттық тізімге «өлікті жерлеумен байланысты фольклор» немесе марқұмды жерлеу, аза тұтумен байланысты қолданылатын дәстүрлі атаулар жүйесімен сәйкестендіру қажет.

Қазақ халқының тағы бір фольклорлық мұрасы «қара өлең» «(а) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның дәстүрлері мен нысандары» санатына бекіген. Ал, «қара өлең» жоқтаудың бір түрі.

Қазіргі уақытта Қазақстан тарапынан 13 элемент МЕММ бойынша ЮНЕСКО репрезентативті тізіміне енген (Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices, <https://ich.unesco.org/en/lists>).

Уәкілетті органның жанында тұрақты түрде жұмыс істейтін сараптамалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылып, элементтің мемлекеттік маңызы барлығын, элементтің ұрпақтан ұрпаққа берілетіндігін, өздерінің мәдени мұрасының бөлшегі деп есептейтін Қазақстан аумағындағы этностар, топтар немесе жекелеген адамдардың элементті қолданатындығын анықтайды.

Комиссияның шешімі ұсынымдық сипаттағы хаттамамен рәсімделеді. Уәкілетті орган элементті Ұлттық тізбеге енгізу туралы Комиссияның шешімі негізінде он жұмыс күні ішінде МЕМҚ элементтерін Ұлттық тізбеге енгізеді және оны уәкілетті органның ресми сайтында жаңартады.

Ұлттық тізбеге енгізілетін әр МЕМҚ элементіне тіркеу нөмірі беріледі.

Іс жүзінде МЕММ элементтерінің Ұлттық тізбесі қазақ және орыс тілдерінде, қағаз және электронды жеткізгіштерде жүргізіліп, уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады. Осы құжатқа сәйкес, МЕММ тасымалдаушылар Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұрасын жасауда, сақтауда және рекреациялауда, рухани байытуда маңызды рөл атқаратын мәдени әртүрлілік және адам шығармашылығының дамуына ықпал ететін жергілікті және этникалық қауымдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жеке тұлғалар болып табылады.

Материалдық емес тарихи-мәдени құндылықтар келесі санаттарға бөліп қарастыруға болады:

«А» санаты – толық түпнұсқалығы мен нақтылығы анық және өзгермейтін тарихи-мәдени құндылықтар.

«В» санаты – қосалқы материалда толық немесе ішінара қалпына келтірілген (бекітілген) немесе уақыт өте келе объективті түрде өзгеруі мүмкін тарихи-мәдени құндылықтар.

Ұлттық тізімді жасау нәтижесінде рухани құндылықтарды қайта жаңғырту арқылы ұлттық мәдениетке қауіп төндіріп отырған жаһандану мен «бұқаралық мәдениетке» тосқауыл қоюға, жастарды жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың, радикалды діни ағымдардың ықпалынан сақтауға, олардың бойында патриоттық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға, отбасылық және қоғамдық қатынастарды тұрақтандыруға қол жеткізуге болады.

Осыған байланысты Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын сақтау және дамыту саласында қалыптасқан кешенді проблемаларды осы процеске қатысушылардың, оның ішінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мәдениет, білім беру, ғылыми ұйымдардың, шығармашылық одақтардың, қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіру арқылы шешудің мүмкін екеніне назар аудару қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

«Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны қорғау және дамыту жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі №408 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000408> (Қаралған күні: 28.10.2022).

«Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 2011 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000514> (Қаралған күні: 15.06.2022).

17 қазан 2003 жыл,

https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/cultural_heritage_conv.shtml (Қаралған күні: 3.06.2022).

Browse the Lists of Intangible Cultural Heritage and the Register of good safeguarding practices/ <https://ich.unesco.org/en/lists> (Қаралған күні: 04.10.2022).

Map_of_UNESCO_Intangible_cultural_heritage,

https://upload.wikimedia.org/wikipedia/commons/b/bf/Map_of_UNESCO_Intangible_cultural_heritage_%28en%29.png (Қаралған күні: 04.10.2022).

Thematic research «Wider Value of UNESCO to Kazakhstan». Тематическое исследование «Роль ЮНЕСКО в Казахстане» / Сост.М.Масанов. – Алматы, ТОО «Археологическая экспертиза», 2015. – 128 с., илл.- англ., рус. С.120-124.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы <https://ru.unesco.org/themes/vsemirnoe-nasledie> (Қаралған уақыты: 15.06.2022)

Материалдық емес мәдени мұраларды қорғау туралы Конвенция/ ЮНЕСКО.

Ұлы дала мұралары.1-шығарылым. Жылдық ғылыми басылым. Астана, 2017, - 252 б. 163-бет.